

Түркістан облысы

Келес ауданы

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»

Кәсіби бағдар беруші педагогтың атқарылған жұмыстар есебі

Кәсіптік бағдар беруші педагог :Сатымбекова Малика

2022-2023 оқу жылы


Абай ауылы

Кәсіби бағдар беру бағыты бойынша оқушыларды еңбекке баулу және мамандықтарын дұрыс тандауға бағыт беру маңызды істердің бірі. Болашақ кәсіби қызмет саласын анықтау процесінде көп көмегін тигізеді. Сапалы түрде тандалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Сол себепті түлектердің қазіргі болашағына кәсіптік бағдар беру, кеңес айту өте маңызды.

2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап кәсіптік бағдар беруші педагог мамандығы бойынша жұмыс бастадым. Жоспарды жасап, бекітіп болған соң 7-11 сынып оқушыларының тізімін сынып жетекшілерден алып, жоспарлы түрде 9, 10, 11 сынып оқушылардан мамандық тандауға дайындығын анықтау сауалнамасын алдым.


2022 – 2023 оқу жылының 11 «А» сынып оқушыларының мамандық бойынша алынған сауалнаманың нәтижесі

Сыныбы	Оқушылар саны	Жаратылыстану бағыты	Гуманитарлық бағыты
11 «А»	29	20	9
Барлығы	29	20	9







9 сынып оқушыларының 2022 – 2023 оқу жылындағы мамандық бойынша алынған сауалнама нәтижесі.

Сыныбы	Оқушылар саны	Жаратылыстану бағыты	Гуманитарлық бағыты
9 «А»	21	15	6
9 «Ә»	22	18	4
9 «Б»	14	5	9
Барлығы	57	38	19



.Оқушылардың басым көпшілігі мамандықтарын әлі таңдамағандары анықталды. Кейбіреулері ғана ата-аналары таңдаған мамандықты құптап отырғаны көрініс тапты. 12-16 қыркүйек аралығында 9-11 сынып оқушылары арасында «Мамандық – өмір таңдауы» тақырыбында эссе жазу байқауы болып өтті. Негізгі мақсат оқушылардың болашақ та игергісі келетін мамандығын таңдаудағы себебі мен мамандыққа деген қызығушылығы. Эссе жазу барысында оқушылар өздерінің таңдауы мен ата-аналарының таңдауы арқылы мамандық таңдап отырғандарын, ол мамандықты таңдаудағы себебін жазған. Әлде де кейбір оқушылар екі-үш мамандықты таңдап отырғанын, қай салаға баратынын шешпегендігін эссе жұмыстарын оқу барысында байқалды. Соның ішінде 9 «Б» сынып оқушысы Рустембек Бақсұлтан эссесі жақсы жазылған. Машина жөндегенді

ұнататынын, болашақта өз елімізде машина құрастыратын жеке кәсіп орынын ашқысы келетінін, еліміздің өркендеуіне мол үлес қосатынын жақсы жеткізген. Машина жөндеуден де хабары бар. бос уақытында Әкесінің қасында кішкентайынан бірге жүріп көмектеседі.. 9 «Б» сынып оқушысы Жақсыбек Алан болашақта It маманы болғысы келетінін жеткізді.. 9 «А» сынып оқушысы Бердалы Жанерке жазған эссесі өте жақсы шыққан. Болашақта дәрігер мамандығын тандап отырғанын, анасы дәрігер болғандықтан емес, адамдарды емдеуге деген қызығушылығының зор екендігін айтқан. 9 «Б» сынып оқушысы Әбдіхалық Аяжан туризмді тандап отырғанын, ол мамандықтың болашақта елге тигізер пайдасы мол екенін айтып өтті. 11 «А» сынып оқушысы Кутушова Ақбота эссесінің терең мағыналылығы, болашаққа алыстан ой тастап қарайтыны, өзінің болашақ мамандығын қалай жақсы көретінін өте жақсы жеткізген.. 11 «А» сынып оқушысы Дүйсен Аяулым мен Бақытжанқызы Жұлдызай да жазған эссесі жақсы жазылған. Өз болашақтарын көз алдарына елестете отырып, қиял мен арманға ерік берген. Нағыз маман болу үшін бойларындағы күш-жігерлерін салатындары және болашақтарының жарқын болатынына нық сенімді. 10-13 қазан аралығында 7-8 сыныптар аралығында «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында эссе жазды. 8 «а» сынып оқушысы Анвар Аяулым болашақта мұғалім мамандығына түскісі келетінін, оқушыларды білім нәрімен сусындатып, болашақ білімді жастарды жақсы оқытып, нағыз білімді азамат етіп шығарғысы келетінін айтады. Ең бастысы-өзінің болашақ мамандығыңды шын ықыласпен жақсы көріп орындау керектігін толық жеткізген. 19-23 қараша аралығында 7-11 сынып оқушыларымен «Сіздің кәсіби мансабыңыз» тақырыбында әңгіме сұхбат өтті. Оқушылар өздерінің болашақ мамандықтарын қалай тандау керектігін, ол үшін не нәрсеге мән беру керектігін түсінді.



16-19 қаңтар күндері «Мамандық таңдау маңызды іс» тақырыбында кәсіптер әлемі өңірлік еңбек нарығында қажет ететін кәсіптер туралы оқушыларға бағыт-бығдар беру жұмыстары жүргізілді. Оқушылар қазіргі таңдағы қажетті мамандықтар тізімінен танысып, бейнебаян көрді. 14-15 күндері 7-11 сынып оқушыларымен Кәсіби бағыттылықты анықтау мақсатында оқушыларға тесттілеу мен сауалнама жүргізу ұйымдастырылды. 13-17 аралығында 9-11 сынып оқушылары арасында **Дж.Холландтың сауалнамасы алынды..Нәтижесі:**

9 «а» сынып оқушыларының Дж.Холландтың сауалнамасы бойынша шығарылған нәтижесі

Қ/с	Сынып	Реалистік тип	Интеллектуалды тип	Әлеуметтік тип	Конвенционалды тип	Тапқыр тип	Артистік тип
1	9 «а» сынып	4	6	6	2	3	0
2	Пайызы	12,5%	25%	37,5 %	12,5%	18,75%	0%

13.03.2023 ж күні 9 «а» сынып оқушыларынан Дж.Холланд сауалнамасы алынды. Оқушы саны- 21. Сауалнама 21 оқушыдан толық алынды. Сауалнама алынып болған соң оқушылар нәтиже қорытындысымен танысты. Кейбір оқушылардың бойына екі қасиет сәкес келді. Атап айтатын болсам Садуақас Нұрдаулет бойына «әлеуметтік» және «конвенционалды тип», Сапар Рауан бойына «интеллектуалды» және «әлеуметтік тип» сәйкес келді. Нәтижесінде оқушылардың 12,5 % реалистік типке, 6,25% интеллектуалды типке, 37,5% әлеуметтік типке, 25 % конвенционалды типке 18,75% тапқыр типке, 0 % артистік типке жататыны анықталды. Оқушыларға бұл типке сәйкес қасиеттер мен тән мамандықтар туралы айтылды. Оқушылар өздерінің бойларындағы қасиеттердің көбісі сай келетінін, тіпті ұнататын мамандықтары да көбісінде тура түсіп жатқандығын айтты. Бағалау нәтижесі: Сауалнама алынған 21 оқушы өте қызығушылықпен қатысты. Өздерінің бойларында бар қасиеттер мен сәкес келетін мамандықтарды тапқандарына қатты қуанды. Себебі әлі қандай маман иесі болсам деген сан сұрақтың жауабын таба алмай жүрген оқушыларға көп септігі тиді.

13.03.2023 күні 9 «ә» сынып оқушыларынан Дж.Холланд сауалнамасы алынды. Оқушы саны- 22. Сауалнама 22 оқушыдан толық алынды. Сауалнама алынып болған соң оқушылар нәтиже қорытындысымен танысты. Екі оқушының бойына екі қасиет сәкес келді. Атап айтатын болсам Жүсіпбек Балым- «конвенционалды тип» және «тапқыр тип», Тұңғышбаева Назым бойына «Тапқыр» және «Артистік тип» сәйкес келді. Нәтижесінде оқушылардың 25 % реалистік типке, 12,5% интеллектуалды типке, 25% әлеуметтік типке, 12,5 % конвенционалды типке 25% тапқыр типке, 12,5% артистік типке жататыны анықталды. Оқушыларға бұл типке сәйкес қасиеттер мен тән мамандықтар туралы айтылды. Қорытынды нәтиже бойынша диаграмма жасалынды. Оқушылар өздерінің

бойларындағы қасиеттердің көбісі сай келетінін , тіпті ұнататын мамандықтары да көбісінде тура түсіп жатқандығын айтты.

15.03.2023ж күні 11 «а» сынып оқушыларынан Дж.Холлонд сауалнамасы алынды.Оқушы саны- 29.Сауалнама 29 оқушыдан толық алынды.Сауалнама алынып болған соң оқушылар нәтиже қорытындысымен танысты.Екі оқушының бойына екі қасиет сәкес келді.Атап айтатын болсам Ақберді Арайлым- Сапарәлі Ақнұр «интеллектуалды тип» және «әлеуметтік тип. Сыныптың ең көп «Интеллектуальды тип» және «тапқыр тип» екендігі белгілі болды. Оқушыларға бұл типке сәйкес қасиеттер мен тән мамандықтар туралы айтылды.Қорытынды нәтиже бойынша диаграмма жасалынды.Оқушылар өздерінің бойларындағы қасиеттердің көбісі сай келетінін , тіпті ұнататын мамандықтары да көбісінде тура түсіп жатқандығын айтты.

9 «а» сынып оқушыларынан «Менің мінезімнің типі» әдістемесі бойынша сауалнама алынды .Оқушылар сауалнама мәтінін оқи отырып,берілген пікірлердің ішінен өздеріне тән дегендерін белгілеп шықты.11 пікірдің әрқайсысы төрт жауаптан болды а,б,в,г.Қайсы пікір сәйкес келсе сол жауапты белгіледі.Соңында а,б,в,г жауабының қайсысы көп болса сол мінез типі екендігін білді. 9 «Ә» сынып оқушыларынан А.Голомштоктың «Қызығушылық картасы» әдістемесі бойынша сауалнама алынды.Сауалнама-22 оқушыдан алынды. барлығы -22 оқушы.Әдістеме кәсіптік бағдарды анықтау мақсатында алынды.Сұрақтың әртүрлі бағыттарына деген оқушының қатынасына байланысты берілген тұжырым өздері үшін қызықты ма,қызықты емес па соған байланысты тұжырым ұнаса «+»,ұнамаса «-» белгісін қойды.Бағандағы ұпай санының басымдығы қай мамандыққа қызығушылығының бар екендігін білдірді. Нәтижесінде оқушылардың мамандығы анықталды.

.2022 жыл «Мен мамандық таңдаймын» тақырыбында 10 сынып оқушыларымен тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушылармен топтық жұмыстар, түрлі әдіс-тәсілдермен жаттығулар ұйымдастырылды. Жыл басында аудандық білім бөлімінің тапсырмасы бойынша жоғарғы оқу орындарымен өзара ынтымақтастық орната отырып кәсіби бағдар беру жұмыстарын бірлесе жүргізу мақсатында Меморандум құрылған болатын.Осы Меморандум аясында бітіруші 11 сынып оқушыларымен төмендегі оқу орындарымен бірқатар кездесулер ұйымдастырылып отырды.. Ауданнан келген тапсырма аясында 17.03.2023ж күні №5 жом базасында .11 сынып оқушыларын жоғары оқу орындарының мамандармен кездесу өткізіп бәсекеге қабілетті мамандар дайындау барысында жүргізілетін жұмыстарымен танысып,алдын ала дайындалған сұрақтар қойылып,оқушылар да түсінікті жауаптар алды. Аудандық Білім бөлімінен келген тапсырма бойынша бір қатар жұмыстар атқарылып отырды Сонымен бірге 26.01.2023ж күні Түркістан облысы Білім беруді дамыту орталығы «BOIASHAQ» «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамымен бірге «Өскенде кім боласың»


аттыкәсіби бағдар беру жобасына ZOOM желісі арқылы жиналыстарға қатыстым





30.03.2023ж күні Түркістан облысы Білім беруді дамыту орталығы «BOIASHAQ» «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамымен бірге «Өскенде кім боласың» атты кәсіби бағдар беру жобасына ZOOM желісі арқылы конференцияға 11 сынып оқушылары қатысып өз ойларымен бөлісіп отырды.

06.04.2023ж күні Түркістан облысы Білім беруді дамыту орталығы «BOIASHAQ» «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамымен бірге «Өскенде кім боласың» атты кәсіби бағдар беру жобасына ZOOM желісі арқылы конференцияға 11 сынып оқушылары қатыстырылды. Осындай көптеген онлайн –форумдар ұйымдастырылып отырды. 03 мамыр 2023 жылы «Alikhan Bokeikhan University» «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» жобасы барысында Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен жоғары сынып оқушыларымен кездесу өткізілді. «Серпін-2050» бағдарламасымен еліміздің болашағы педагог жастарына кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізуді үйлестіру үшін Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасымен жасасқан екі жақты «Ынтымақтастық меморандумның» жасалғанына байланысты №5 жалпы орта білім беретін мектебінде білім алушыларға педагогикалық бағытта мамандар дайындайтын оқу орнының білім беру базасы, білікті профессор-оқытушылар құрамы, педагогикалық мамандықтардың артықшылықтары, ЖОО-ның заманауи мүмкіндіктері мен ерекшеліктері, ЖОО-ның халықаралық және республикалық педагогикалық білім беру мекемелерінің арасындағы рейтингі, ЖОО-ның білім беру бағдарламалары туралы

жарнамалық ақпараттардың электронды нұскаларын бітіруші түлектердің назарына жеткізу жұмыстары өз талаптарына сай жүргізілді.



Кәсіби бағдар жұмысының жоспары бойынша оқушыларды Түркістан қаласына тарихи жерлерге экскурсия жасау арқылы мұражайлармен таныстырылды.



Кәсіптік бағдар беруде **күшті жақтары** жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста болу; мектеп түлектерінің жоғары оқу орындарына, колледжге түсуде грант иегерлері болулары; ата-ана, мектеп, оқушының тығыз байланысы.

Әлсіз жақтары : оқушының бос уақытын дұрыс ұйымдастырмауы; мамандық таңдау туралы түсініктері әлі де болса аз екені; ата-аналардың балаға көмектеспеуі, бағыт-бағдар бермеуі;

Мүмкіндіктер: ата-аналардың білімділігі; еңбекке баулу; мектеп айналасын көгалдандыруға үлес қосу; түрлі сайыстарға қатысу; Сынып жетекшілер мен пән мұғалімдері, психологпен тығыз байланысы.

Қауіп – қатер: Отбасының мамандық таңдау туралы түсініктерінің жеткіліксіздігі; баланы жас кезінен бастап еңбекке баулымау.

Шешім: Алдағы уақытта жоспар бойынша жұмыстар жүргізу, сайыс өткізу, ХХІ ғасыр сұранысқа ие болатын мамандықтар жайлы оқушыларға, ата-аналарға кеңес беру, оқушыларды еңбекке баулу мақсатында бірқатар жұмыстар атқару.

Кәсіби бағдар беруші педагог:




Сатымбекова Малика

**«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**

**9 сынып оқушыларының 2022 – 2023 оқу жылындағы мамандық бойынша
алынған сауалнама нәтижесі.**

Сыныбы	Оқушылар саны	Жаратылыстану бағыты	Гуманитарлық бағыты
9 «А»	21	15	6
9 «Ә»	22	18	4
9 «Б»	14	5	9
Барлығы	57	38	19



Кәсіби бағдар беруші педагог: М.Сатымбекова

Мектеп директоры:




«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

**2022 – 2023 оқу жылының мамандық бойынша алынған сауалнаманың
нәтижесі**

Сыныбы	Оқушылар саны	Жаратылыстану бағыты	Гуманитарлық бағыты
11 «А»	29	20	9
Барлығы	29	20	9



Кәсіби бағдар беруші педагог:  М.Сағымбекова

Мектеп директоры:  Н.Касымбекова

